# Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы" 1999 жылғы 24 маусымдағы N 352 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 19 қазан N 410. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1707. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және оны Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы" 1999 жылғы 24 маусымдағы N 352 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "("жері репо" мәмілелерін - бағалы қағазды оны кейіннен кері сату міндеттемелерінің шарттарында сатып алуды қоспағанда)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) 1-2-тармақ алынып тасталсын.

2. Бағалы қағаздар рыногын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны орталық аппараттың мүдделі бөлімшелеріне, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі агенттігіне, кастодиан банктерге, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарына оларға осы қаулыны барлық мүшелеріне жеткізуді міндеттей отырып жіберсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне

е н е д і .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК